

Бюджет қаражаты көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге 2023 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 3 ақпандағы № 107-179 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 ақпанда № 1333-01 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 7-4) тармақшасына, 62-бабының 4-4, 6-2-тармақтарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бюджет қаражаты көлемі шегінде балаларға қосымша білім беруге 2023 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Астана қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 3 ақпандағы
№ 107-179 қаулысына
қосымша

2023 жылға арналған бюджет қаражаты көлемінің шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

Р/с №	Қосымша білім беру бағыты	Қосымша білім беру түрлері	Бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге а й ы н а шығыстардың орташа құны (теңге)	Білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің саны
1	2	3	4	5
		Роботехника	27823	70
		3Д - модельдеу	27823	40
		Компьютерлік графика	15586	30
		Радиотехника	27823	30

1.	Ғылыми-техникалық бағыт	Робототехникалық және мехатрондық жүйелердің инженерлік жобалау негіздері	33388	40
		Бағдарламалау	15586	30
		Компьютерлік дизайн	15586	40
		Кинобейне жасау	10820	20
		Авто ісі негіздері	33388	10
		Сәулеттік модельдеу	33388	20
2.	Туризм және өлкетану бағыты	Жорық	11922	30
		Жартасқа өрмелеу	11922	30
		Спорттық бағдарлау	11922	20
		Велоспорт туризмі	11922	30
		Шаңғы туризмі	11922	30
3.	Экологиялық-биологиялық бағыт	Экология	9107	30
		Флористика	9107	20
		Аквапоника	9107	30
		Иппотерапия	9107	35
		Геология	9107	20
1	2	3	4	5
4.	Көркемдік-эстетикалық бағыт	Керамика, қыш бұйымдары ісі	8445	35
		модельдеу, мүсін, керамикалық мүсін	8445	35
		Тоқыма тоқу	8445	20
		Макраме	8445	20
		Оригами, қағаздан жасалған қолөнер (гүлдер, құстар, жануарлар)	8445	20
		Кілем тоқу	8445	20
		Зергерлік өнер	8445	20
		Ағаштан көркем кескіндеме	8445	20
		Металға көркемдік кескіндеме	8445	20
		Керамикаға көркем кескіндеме	8445	30
		Металды көркемдік өңдеу	8445	20

		Пирография, ағаш күйдіру, былғары, мата	8445	25
		Томбурлы кестелеу	8445	30
5.	Әлеуметтік-педагогикалық бағыт	Пікірсайыс қозғалысы	8123	50
		Еріктілер қозғалысы	8445	50
		Шешендік өнер	8123	50
6.	Гуманитарлық бағыт	Шет тілдерін үйрену (ағылшын, қытай, араб, түрік, жапон)	8123	150
7.	Жаратылыстану-математикалық бағыт	Математикалық курстар	9107	144

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК